



# Ақмешіт


30 мамыр  
сейсенбі  
№43 (1950)  
2023 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

1-маусым –Халықаралық  
балаларды қорғау күні. Балаларды  
қорғау дегеніміз – әрбір сәбидің  
тыныштығын қорғау, тәтті  
ұйқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін  
тоқтатпау деген сөз.




### БАҚЫТ ТУЫН КӨТЕРГЕН БАЛАЛАРДЫҢ КҮНІ БҰЛ!

Арманы бір, үні бір,  
Аға ардақты, іні гүл.  
Бақыт туын көтерген,  
Балалардың күні бұл.

«Бала – адамның бауыр еті» деп қазақ тегін айтпаған. Баланы күнәсіз періштеге балаған ұлтмыз оған түрлі сый-сияпат жасап, ерекше көңіл бөліп, бүлдіршінге қуаныш сыйлауға асығады. «жерде бала қуанса, көктегі мың періште шаттанады» дейді біздің қазекен. Осы бір адамзаттың кіп-кішкентай, сүп-сүйкімді туындысындай балақайлардың қуанышын еселейтін 1 маусым балаларды қорғау күнінің орны ерекше. Бұл күн – бүкіл дүниежүзілік балаларды қорғау күні. Ресми деректерге жүгінсек, Қазақстанда балалар құқығын қорғау конвенциясы 1994 жылы қабылданды. Олардың басты талабы – елдегі балалар құқығын қорғау жүйесінің негізіне айналды. Республикада балалардың құқығын барлық деңгейде қорғайтын арнайы заң қабылданды. ҚР Конституциясына 27 бабына сәйкес отбасы және балалар мемлекет қорғауында болады.

2 БЕТТЕ

### 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ



## РЕПРЕССИЯДА ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ

## 90 ПАЙЫЗЫ ҚҰРБАН БОЛДЫ

31 мамыр – саяси қуғын-сүргінге ұшыраған және ашаршылық азабын тартқан жандарды аза тұту күніне орай Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымының кандидаты Айтжан Оразбақовпен сұхбаттасқан болатынбыз.

3 БЕТТЕ

## Өнер сарайы халықтың руханият бөсігі болмақ



Күнделікті күйбең тіршіліктен бір сәт қол үзіп, рухани демалыс жасаудың пайдасын көзі ашық жұртшылық бүгінде жақсы түсінеді. Соған сай театр, мәдениет үйіне ағылатындар да жетерлік. Бұл қала тұрғындарының рухани құндылықтарға басымдық беретінін аңғартса керек.

Бүгінде аймақ халқының рухани демалыс орнына айналған Н.Бекежанов атындағы қазақ-музыкалық академиялық драма театры қызмет көрсетеді. 600 орындық руханият ордасында белгіленген кестеге сәйкес спектакльдер, эстрада жұлдыздарының концерті, шығармашылық кештер ұйымдастырылады. Бұдан бөлек қалада А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйі бар. Бұл мекемеде жоспар бойынша салтанатты жиындар, іс-шаралар өтеді. Десе де, халық саны өсіп, сана жаңғырған тұста аталған руханият ордalarına деген сұраныстың артуы заңдылық.

Осы орайда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылордадан заманауи үлгідегі бірнеше әлеуметтік нысан салу туралы бастама көтерген еді. Соның бірі – Бейбарыс сұлтан көшесі бойынан іргесі қаланған Өнер сарайы.

3 БЕТТЕ

## ШІРІГЕН КАРТОП, ҚЫМБАТ БАҒА



Кешелі бері ел қоқысқа тастаған қап-қап картоп жайын сөз етуде. Анығын айтқанда, әлеуметтік желіде қаладағы полигонның бірінде қап-қап картоп пен сәбіз үйіндісін тастағаны туралы бейнежазба тарайды. Бұл көрініс халықтың ашу-ызасын туғызды десек артық айтқандық емес. Күн сайын азық-түлік бағасы өзгерген уақытта халықты арзан азық-түлік өнімімен қамтамасыз ететін «Байқоңыр» ӘКК мекемесінің бұл тірлігіне жөн болсын?!

Арзан өнім алу үшін әлеуметтік дүкендерге әдейілеп баратын, тіпті алтын уақытын сарп етіп кезекке тұрудан да қашпайтын тұтынушылар аз емес. Қымбат баға екі бүйірден қысқан тұста қап-қап картоп пен сәбіздің қоқысқа айналуы тиісті сала мамандарының салғырттығы ма, әлде жауапкершілікке немқұрайды қарағаны ма? Бұл мәселе айналасында сұрақ көп.

2 БЕТТЕ

### Баспасөз-2023

### АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2023 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын! Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

## ӘСКЕРДЕН ЖАЛТАРЫП ЖҮР ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ КӨП БАЛАСЫ

4 БЕТТЕ



Көпшілікті бей-жай қылдармаған мәселенің анық-қанығын жазғанды жөн көрдік. «Байқоңыр ӘКК» басшысы Самат Ерниязов сол күні-ақ әлеуметтік желідегі бейнежазбаға ресми түрде әлеуметтік желі арқылы жауап берді. Оның айтуынша, жарамсыз тауарларды жоюдың өз заңдылығы бар.

«26 мамыр күні әлеуметтік желілерде қызық полигондарына төгілген жарамсыз көкөніс қалдықтары туралы жазба таралды. Осыған қатысты төмендегіні назарларыңызға ұсынамыз:

Өздеріңізге белгілі, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының негізгі өсуіне жол бермеу үшін тұрақтандыру қорына азық-түлік сатып алынады.

133 тонна сәбіз – барлығы 1547,1 тонна көкөніс сатып алынса, оның 9,2 пайызы тасымалдау, сақтау, дүкендерге апару, тұтынушылардың іріктеп сатып алуынан соң жарамсыз болуына байланысты жойылды.

Жазбада «өнімдерді адамдарға таратып бермей ме?» деген сұрақ қойылған.

Үкіметтің адам өмірі мен денсаулығына, жануарларға, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін кәдеге жарату және жою ережесі туралы қаулысы бар. Соған сәйкес жойылған көкөністерді адамдарға немесе үй жануарларына беруге болмайтындығын, адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіретіндігін хабарлаймыз», – деп жазылған.

Башыдан қойма жайын да сұрадық. Оның айтуынша, «Байқоңыр» ӘКК-нің 5200 тонна өнім сақтауға арналған қоймасы 2011 жылы салынған. Мұнан бөлек «Жанар-Ай» ЖШС-нің Төменарық ауылында орналасқан 2,5 мың тонна өнім сиятын қоймасы бақша өнімдерін сақтауға пайдаланылуда. Биыл «Жанар-Ай» ЖШС 4 мың тоннаға лайықталған қойманы пайдалануға бермек. Алдағы уақытта өнім сол қоймада сақталмақ.

– Бүгінде әлеуметтік дүкендерде Өзбекстанның картобы сатылуда. Келісі – 125 теңгеден. Арзан әрі сапалы. Халық қанша аламын десе де, шектеу қойылып жатқан жоқ, бұған дейін де шектеу болған жоқ, – дейді «Байқоңыр» ӘКК басшысы.

## ШІРІГЕН КАРТОП, ҚЫМБАТ БАҒА



Бұл өнімдер арнайы әлеуметтік дүкендер мен ірі сауда үйлері желілеріне жеткізіліп, төмен бағамен сатылады. Сонымен бірге көпшілікті азық-түлік жәрменкелерінде өмір тұрғындарына жеңілдетілген бағамен ұсынылады.

Дүкендерде жарамсыз болып қалған өнімдер қайтадан қоймаға әкелініп сақталады. Өнім сатып алынып, сақталып, сатылғаннан кейін ол жерде жарамсыз қалдықтардың қалуы – заңды құбылыс. Бұл – тұрақтандыру қорында да, жеке кәсіпкерде де болатын жағдай.

Азық-түлікті сақтау кезінде ол өз салмағын жоғалтады. (ресми атауы – табиғи өзін-өзі жоғалту – естественная убыль до 15%). Оған да заңды нормативтер белгіленген. Қоймадағы тауарлар бұл бағыт бойынша талданып, ай сайын сараптамадан өткізіледі.

Көрсеткіштердің барлығы белгіленген нормалар аясында жасалған. Жою алдында, жарамсыз көкөніс тауарлары әктелініп, «Ұлттық сараптау және сертификация орталығы» АҚ-ның сынақ хаттамасы алынады.

Әрі қарай, қауіпті тамақ өнімдерін жою жөнінде комиссия құрылып, Қызылорда қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының, Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің, «AMANAT» партиясының, Қызылорда қалалық полиция басқармасы қызметкерлерінің қатысуымен жою жөнінде шешім қабылданады.

Жоғарыда атап өткенімдей, жарамсыз өнімдер іріктеліп, қалдықтары арнайы мамандардың қорытындысы бойынша есептен шығарылып, келісімшартқа сәйкес қызық полигонна апарылады.

Жарамсыз өнімдер былғы 25 мамыр күні жойылған еді. Желіде тараған жазбада сол процесс баяндалған.

Биыл бағаны тұрақтандыру мақсатында 588,1 тонна картоп, 720 тонна бас пияз, 106 тонна қырыққабат,

Басы 1-бетте

Мәселенің анық-анығын байыптау үшін «Байқоңыр ӘКК» басшысы Самат Ерниязовқа қоңырау шалдық. Басшының айтуынша, жарамсыз қалдықтарды жою жылына бір рет жүргізіліп тұрады екен.

### «Тегін таратуға құқым жоқ»

– «Байқоңыр ӘКК» мекемесі 2012 жылы құрылса, сол уақыттан бері өнімдердің жарамсыз қалдықтарын жою жұмысы жылына бір рет жасалады. Мұны өз бетімізше жасаймыз. Арнайы комиссия құрылып, комиссия шешімімен жарамсыз өнімдерді жою жұмыстарын жүргіземіз. Жою жұмыстарын жүргізетін мамандар заң талабына сай арнайы киім киіп, талапқа сай жою жұмыстарын жүргізеді. Себебі шіріген өнім улы болып саналады. Халыққа неге тегін таратпайды деген сұрақ туындауда. 2008 жылы шыққан арнайы қаулы бар. Біз сол қаулы негізінде жұмыс істейміз, мұнда өнімді арзан бағада сату туралы жазылған. Заң көтермейтіндіктен, мен халыққа ешнәрсені тегін тарата алмаймын. Сондай-ақ кез келген азық-түлік өнімін сататын дүкенде жарамсыз қалдықтар болатыны анық. Сол секілді де «Байқоңыр ӘКК» мекемесінің әлеуметтік дүкендерінде картоп, сәбіз, қырыққабат секілді бақша өнімдерін жарамсыз қалдықтар шығады. Әлеуметтік дүкенге барған тұтынушы сатып алған өнімін іріктеп, таңдап алатыны белгілі. Әр қаптан шыққан шіріген өнімді біз қайта алып кетіп, бөлек қоймаға жинаймыз да, жылына бір рет жою жұмыстарын жүргіземіз. Біз өнімдерді әдейі шірігенше сатпай сақтап отырған жоқпыз. Өнімді әлеуметтік дүкендерге уақытында жеткізіп беріп жатырмыз, бір жылдың ішінде 60-тан аса жәрмеңке өткіздік, – дейді Самат Ерниязов.

P.S. Қалай айтқанда да, бұл мәселе бағаны тұрақтандыру, азық-түлік қоймаларын жасақтауда жаңашылдық қажет екенін көрсетті.

### «Адам түгіл, малға беруге болмайды»

Жарамсыз өнімдерді жоюға арналған комиссия құрамында Қызылорда бойынша экология департаментінің инспекторы Бекмұхаммед Нурмаханов бар екен. Комиссия мүшесі былай дейді:

– ҚР Экологиялық кодексінің 351-бабының 1 тармағына сәйкес, полигондарда тамақ қалдықтарын қабылдауға тыйым салынған. Осы ретте аталған баптың 4-тармағына сәйкес, тамақ қалдықтарын компостерлер әдісімен санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес жүргізу қажеттілігі көрсетілген. Бұл орайда құрылған комиссияның шешімімен жарамсыз өнімдерді компостерлер арқылы кәдеге жарату әдісі тағайындалды. «Серпін ЛТД» ЖШС-не тиесілі полигон аумағында қалдықтарды кәдеге жарату мақсатында алдын ала көң түсірілген. Яғни көң мен қалдықтарды араластыру арқылы табиғи тыңайтқыш жасағысы келген. Негізі полигон аумағына адам түгіл, мал кіруге рұқсат жоқ.

### Тыңайтқыш жасағым келді

Жарамсыз өнімдер төгілген полигон «Серпін» ЛТД ЖШС-не тиесілі. Орайы келгенде «Серпін» ЛТД басшысы, эколог Береке Данышмановтан полигон жайын сұрадық.

– Қалдықтарды қайта өңдеумен 16 жылдан бері айналысып келеміз. Қалдықтарды өңдейтін алаң қоршалған. Өнім қалдықтары регламентке сәйкес көнмен араластырып, 3-6 ай ішінде өңделеді, – дейді ол.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА



«ҚР Балалар құқығы туралы» заңында балалардың өмірін және денсаулығын қорғау, олардың ар-ожданына қол сұқпау, қажетті өмір сүру деңгейі, білім алу, балалардың мүлтік құқығы, мемлекеттік көмек және демалыс, бос уақытын өткізу сынды құқықтары бекітілген. ҚР «Неке және отбасы туралы» кодексіне кәсіпкер жасына толмаған балалардың құқығын қорғау баптары енгізілген. Қазақстанда Білім және ғылым министрлігі жанынан Балалар құқығын қорғау комитеті құрылған. Балаларда 1 маусым ересектер ұйымдастырған түрлі мерекелік іс-шараға қатысудан басталады. Бұл күн жазғы демалыстың басталуы, демалу, өзіне ұнайтын іспен айналысу кезеңімен ерекшеленеді. Барлық оқу орнында бұл күні ертеңгілік, мәдени шара ұйымдастырылады. Ал әлеуметтік әлсіз топ балаларына бұл күні қайырымдылық шарасы өткізіліп, сый-сияпат таратылады. Табиғаттың ерекше тіршілік иесі балалар осы күні үлкендер ұйымдастырған театрдағы

балалар тақырыбына орай өтетін қойлымға, киноға, паркке барып, онда түрлі аттракционға мінеді. Елімізде балақайларға арнап осы күні тәттілер пісіру дәстүрге айналған. Ата-аналары бұл күні балаларға көптен бері уәде беріп жүрген дүниенізді жасауға болады. Балдай тәтті қылықты бөбектерге естен кетпес жылы естелік қалдыруға әбден қолайлы күн. Бұл күн балалар үшін көптеген сыйлық алып, жақындарының айрықша махаббатына бөленуімен ерекшеленеді.

Баршамызды бала тілмен баурайтын, Бала деген бір бақыт қой сағмайтын. Ата-ананың арманы мен тілегін, Бала емес пе бал бұлақтай жалғайтын. Ақынның жырына арқау болған, күллі адамзат баласының мейіріміне бөленетін естен кетпес ерекше күн балалар мерекесі құтты болсын! Бейбіт аспан астында, ата-анасының қасында балалар шат күлкі мен қуанышқа бөлене берсін!

Басы 1-бетте

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

## Шиеліде жылу электр орталығы салынбақ

Облыс әкімінің міндетін атқарушы Серік Қожаниязов тиісті сала басшыларымен өткен мәжілісте былл жоспар бойынша 424,2 млрд тенге инвестиция тарту керектігін айтты.

Аймақта белгіленген инвестиция тарту көлемі 136,8%-ға орындалып, Сыр өңірі республика бойынша алдыңғы қатарға шыққан. Былтыр да Сыр өңірі бұл бағытта

жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, бірінші орынға шыққан еді. Осы қарқыннан таймау былл да міндеттелмек.

– Премьер-Министр өткен жылғы өңірге іссапары кезінде құны 1 млрд

теңгеден асатын 5-6 жобаны іске асыруды тапсырды. Соуір айындағы актив отырысында облыс әкімі қала әкіміне 1 млрд теңгеден асатын 1 жобаны, әр ауданның әкіміне 500 млн теңгеден асатын 2 жобаны былл іске қосуды тапсырған болатын. Оның орындалуы Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген жалпыұлттық жобалар пулы аясында бақыланады, – деді Серік Салауатулы.

Мәжілісте әр жоба жеке бақылауға алынатындығы айтылды. Сондай-ақ туындаған мәселелер қолданыстағы заңнама аясында шешілуі керек. Осы орайда облыс әкімінің міндетін атқарушы Серік Қожаниязов облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына Қызылорда қаласы және Шиелі ауданы әкімдіктерімен бірлесіп, жаңа жылу электр орталығының құрылысын бастауды тапсырды. Бұл ретте Шиелі ауданындағы жүн электр станциясына қажетті жер телімін алуға сүйемелдеу жасау жүктелді.

А.СЕЙІЛ



Бүгінде кәсіп ашып, жеке ісін бастағысы келетіндерге мемлекет тарапынан үлкен қолдау бар. Соның бірі – жастардың кәсіп ашуы үшін берілетін 2,5 пайыздық жеңілдетілген несиесі. Нәтижесінде қазіргі таңда аймақта 100-ден аса жаңа жобаны мақұлданған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жанар Дәулетбаева айтты.

## Кәсіп бастауда жастарға қолдау бар

– Бекітілген ережеге сәйкес, кәсіп бастауға арналған 2,5 пайыздық жеңілдетілген несиені алуға 21-35 жас аралығындағы азаматтар өтініш білдіре алады. Бұл бағдарлама мал шаруашылығымен айналысуға және егін етуге ниеті бар азаматтарға арналған. Егер жеке кәсіпкер болса айналысатын кәсібінің тіркелген уақыты 5 жылдан аспауы тиіс. Ол үшін азаматтар «Аграрлық несиесі корпорациясына» барып құжат тапсырады. Несиенің не-



гізгі шарты бойынша микрокредит мерзімі – 5 жыл, ал мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін – 7 жылға қаржы беріледі. Ал жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға берілетін қайтарымсыз грант мөлшері 200-ден 400 айлық есептік көрсеткішке дейін артты. Сонымен қатар бұрын мемлекеттік гранттарға барлық санаттағы азаматтар қатыса алатын болса, биылдан бастап тек әлеуметтік осал топтағы жандар ғана грант ала алады. Сондай-ақ 50 жастан

асқан жұмыссыз жандарға арналған «Күміс жас» жобасы да биыл басталған еді. Қазіргі таңда осы жоба арқылы жұмыспен қамтылғандар саны артып келеді, – деді Жанар Жұмабекқызы. Маманның айтуынша, «2023 жылы арналған өңірлік жұмыспен қамту картасы» аясында облыста 43898 жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Оның ішінде 280 ұлттық жоба шеңберінде үш мыңнан астам жұмыс орны құрылады деп күтілуде.

«Ақмешіт-ақпарат»



Тарихтың бір қызметі — өткен шақты бүгінгі күн арқылы болашақпен жалғастыру

РЕПРЕССИЯДА ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ 90 ПАЙЫЗЫ ҚҰРБАН БОЛДЫ

Тарихтан тін тартсақ, қазақ халқының тарихында ең қаралы кезең, сол — «жұмысшылар табының диктатурасы» құрған 1917-1991 жылдар аралығындағы кеңестік тоталитарлық режимнің билігінің түсінігіне келеді деп тарихшылар ой қозғайды. Осы бағытта сіздің пікіріңіз қандай?

— Қазақтың тарихына көз салсаңыз, қай кезде де басынан кыиындықтар өткені айғақтасыз. Ал шындығында кеңестік билік орнағаннан кейін қазақ даласында жағдай қиындады деп айтуға болады. Оның бәрі 1917 жылдың басында етек жайған репрессияның ықпалынан. Азамат соғысы жылдарында бір жағынан қазақ ауылдарын ақтар келіп тонап жатса, екінші жағынан қызылдар келіп тонады. Ал совет үкіметі орныққаннан кейін репрессия жаңа бір қозғалыс алды деуге болады. Репрессия құрбандарын ақтау комиссиясының жұмысына қатысып, өткен жылы біраз құжаттармен таныстық. Қарап отырсақ, 20 жылдары кеңес үкіметі толық күшіне еніп, өзінің репрессиялық қимылын ақтау жұмыс істегенін де біліп отырмыз.

— Нағыз аштық ел басшылығына Ф.Голощекиннің тағайындаудан басталғаны рас па?

— Қазақстандағы аштық Голощекин билікке келген кезден басталды деп айтуға болады. Өйткені ол октябрь революциясын орнатп деп асыра сілтеушілікке барды.

Соның нәтижесінде қазақтар жоғарылатылған жоспарды орындаймыз деп малынан, егіннен айырылып, бәрі орталыққа кетті. Соның кесірінен халық жейтін тамағынан айырылды деуге болады. Соңғы кезде мынадай ой келіп жүр. «Қазақстандағы ашаршылық әдейі ұйымдастырылған емес пе?» деген. Бірақ кеңес үкіметіне әдейі аштық жасауға қолайсыз жағдай болды. Азаматтық соғыс кезінде 1920 жылдардағы үкімет қызметкерлерінің ішінде қазақстандықтармен бірге украиндықтар бой көрсетті. Бір ғана мысал, азамат соғысы жүріп жатқан кезде өздерінің ұлттық үкіметін құруға украиндықтар, қазақтар, Закавказия республикалары талаптанған жатты.

— Билік тарапынан әдейі жасалған 1925-33 жылдардағы ашаршылық науқаны, қазақ халқының санын 2,2 миллионға кемітіп, рухани дағдарысқа әкеліп, ұлттық санын сансыратып, елдің сағын сындырды деген дерек бар. Осы дерекке қосыласыз ба?

— Бұл дерекке қосылуға болады. Өйткені ашаршылықтан кейін, ашаршылық кезінде, аштықтан қашқан қазақтар көршілес Өзбекстан, Ресей, Қытай территориясына кетіп қалды. Сол кездерде қазақтың рухы бәсеңсіп қалды ма деген ой келіп отыр. Ал санына қарай қазақтың кему жайына ғалым Талас Омарбеков жақсы зерттеу жұмыстарын жүргізген. Соның еңбектерінен көруге болады.

— Қазақтың алдыңғы қатарлы ойшыл азаматтары, зиялы қауым өкілдері, ақың-жазушылар, елдің бетке ұстар тұлғалары саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болғанын

тарих баяндап тұр. Десе де, сіздің тарихшы ретінде пікіріңізді білесіз...

— Революцияға дейін қазақтың интелгенциясы, бетке ұстарлары пайда болды. Олардың бірі Ресейде қызмет істесе, кейбірі Ресейдің оқу орындарын бітірген, көзі ашық, көкірегі ояу жандар болды. Тіпті олардың ішінде Думада, алаш партиясында қызмет істегендері де бар. Ал совет үкіметі орнағаннан кейін қазақ зиялыларының жана буыны көтеріліп келе жатты. Егін қалай көтеріліп, өркен жаяды, сол секілді интелгенция сапа жағынан нығайған болатын. 1930 жылдан бастап қазақтың бетке ұстар азаматтарын бел орақпен қырып салғандай жағдай болды. Сондықтан қазақ интелгенциясының 90 пайызын құртты деп айтуға негіз бар.

— Қызылорда облысынан репрессияның құрбаны болып жапа шеккендер жайлы айта кетсеңіз?

— Біздің аймақтан репрессия құрбаны болғандар саны жайлы толық айту мүмкін емес. Өйткені бұл бағытта жұмыстар әлі де жүргізіліп жатыр. Бұл туралы біз еңбек дайындап жатырмыз. XX ғасырдың 1920-1950 жылдарына дейін Сыр өңірінде репрессия болған азаматтар деген кітап дайындаудамыз. Бұл жерде біздің көрсеткіміз келіп отырғаны — әр жылы каза болғандар туралы, олардың ұлттына, қызметіне, жынысына қарай бөлінісін бергіміз келеді. Репрессияға ұшырағандардың барлығы интелгенция деп айтуға болмайды. Көпшілігін жұмысшылар мен шаруалар құрайды. Біз бұл сұрағыңызға нақтырақ жауапты ғылыми жұмыс дайын болған кезде айтамыз.

— Әлі ашылмаған ақиқаттар бар ма?

— Әлі ашылмаған ақиқаттар көп. Бір материалды дайындап бітірдім- ау деген кезде тағы бір деректің шеті шыға келеді. Оны суыртпақтасаң, әрі қарай жалғаса береді. Бір ғана мысал, жақында архивтен материал таптық. 1930 жылдардың басында Арал станциясында қондағыр болған екен. Лагерьде 6 мыңнан астам адам азап шеккен. Бұл — зерттелмеген тың тақырып. Әлі зерттеуді қажет етеді. Сәті келген күні бұл тақырып та қозғалады деп ойлаймын.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

ОТЫЗЫНШЫ ЖЫЛДАР ЗАРЫ...

«Өзбірлардың қылған лаңы, Ора құлап кіл ардағы. Опынтады елді мәңгі Отызыншы жылдар зары...» Ашаршылық, қуғын-сүргін туралы жазатын мақаламыздың бастауында ақын Ғайсағали Сейтақтың қасиетті қара қаламынан туған бір шумақ өлеңнен мысал келтірімізді бекер емес. Иә, тауқыметті жылдар туралы қаншама ақын, жазушы қалам тербеді. Көптеген кітап жазылды. Ұлт үшін ұмытылмайтын кездердің жұртшылық жадынан кетпейтіні де ақиқат.

31 мамыр. Бүтін бір ұлт үшін трагедиялық күн. Ашаршылық пен саяси қуғындар құрбандарын еске алатын сәт. Тұңғыш Президент Жарлығы шыққан болса, биыл сол Жарлықтың қабылданғанына 26 жыл. Алаш баласы мамырдың соңғы күнін қара жамылып қарсы алады.

1915 жылға шегінсек Ахмет Байтұрсынұовтың қазақтың саны 6 миллионға жеткенін айтып, Аллаға шүкіршілік қылғаны еске оралады. Ұлт қайраткерінің бұл сөзін патшалық Ресейдің 1887 жылы жүргізген санағы да айғақтай түседі. Халқымыздың саны сол кезде 4 млн

980 мың деп жазылыпты. Бірақ 1916-1945 жылдар аралығында сол қайран 6 миллион қазақ мың өліп, мың тірілді. Бірінші жаһан соғысы, ақпан, қазан төңкерісі, әскери коммунизм бір-бірімен мінгесе келген қос бірдей ашаршылық нәубеті. Саяси репрессия одан кейінгі екінші жаһан соғысы тауқыметті ұлттымыздың қастерлі дәуренін қасіретті дәуірге айналдырды. Бас-аяғы отыз жылдағы осынау ойранда ормандай жұртымыз, орны толмас шығынға ұшырады. Қазақтың үштен екісі қырылып, бір жарым миллиондайы аман қалды.

Мұстафа Шоқайдың айтуынша: «1930-жылдары аштан өлген халықтың саны — 2 млн 287 мыңға жеткен». Ал бүгінгі тарихшылар қос ашаршылықтан қырылғандар 4 миллионнан асады деп жүр. Саяси қуғын көріп, қорлықпен көз жұмғандарға келсек, 1921-1954 жылдар аралығында Қазақстанда 118 мың адам репрессияға ұшыраған. Оның 25 мыңнан астамы атылған. Кеңес Одағы бойынша 1930-1953 жылға дейін саяси пығылмен 3 млн 778 мың 254 адам сотталған. Оның 786 мың 98-і ату жазасына кесілді.

Сол зұлмат заманды бастан өткермегенде қазақтардың саны бүгінгіден үш есе көп болар ма еді. Қазақ жерінде кеңестік саяси тұтқына арналған 11 лагерь болды. Оларда 25 мыңдай адам атылып кетті. Бұл ресми дерек. Астана іргесіндегі «АЛЖИР» мұражай-мемориалдық кешені. Лагерьдің орнына тұрғызылған мәдени нысан. Мұнда 20 мыңнан астам әйел отырып шықты. Сол кезіндегі қанды қырғынды бейнелейтін мұражайға келуге кез келгеннің жүрегі дауаламайды. Себебі қамаудағылардың бастан өткізген қиыншылықтары айқын көрсетілген.

Зерттеушілер «Алаш» партиясының құрамында мыңға жуық адам болған деген дерек айтады. Ал идеяға берілгендердің саны одан да көп болған. Кеңес дәуіріндегі қуғын-сүргін саясатына байланысты мәселелерді тек 1936-1937 жылдардағы кезеңмен ғана шектеп қоюға болмайды. Себебі қуғын-сүргін үрдістерінің алғышарттары кеңес дәуіріне негіз болған төңкерістен кейін басталған болатын.

Расында да, қазақ халқы бұған дейін де күштеп ұжымдастыру

мен байлардың мал-мүлкін жаппай төркілеу кезінде қиындық көрді. Өткен ғасырдың зобалаң жылдары 4 миллионға жуық қазақ қырылды. Аман қалғаны шекара маңындағы қазақтар болатын. Олар үлере көшуге мәжбүр болды. Сол жылдардағы қасіретті нәубет бүгінгі қазақ халқының ұрпақ жалғастығын үзген кезең болды. Адамзат тарихында бір халықтың 70 пайызы қырылған сұмдық болмаған оқиға еді. Бүгіндегі бір әулет пен отбасының мүшелері ажал құшты. Ашарлықтан құрбаны болды.

Мұндай қасіреттің тарихын тану, құрбандарға тағзым ету жазылмаған заң. Сондықтан да мыңдаған адам мамырдың соңғы күні құрбандарға құран бағыштап, оларды еске алады.

Қуғын-сүргін құрбандарын ақтап алуға тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қол жетті. Бүгінге дейін 340 мыңнан астам адам ақталды. Олардың өмір жолы зерттеліп, тарихи баға беріле бастады. Бұл жұмыс әрі қарай да жалғаса бермек.

Жалыра МӘДІҚЫЗЫ, Қызылорда қаласының тарихи музейінің ғылыми қызметкері

Тарихтың бір қызметі — өткен шақты бүгінгі күн арқылы болашақпен жалғастыру.

Екінші қызметі — өткен күннің тәжірибесін бүгінгі күннің қажетіне жарату, оның мәнісі ертеңгі күннің бағыт-бағдарын айқындауға қолдану.

Тарихтың келесі қызметі — ұлттық мемлекеттің іргесін бекемдеу үшін ұлттың идентификациясына дәлел мен дәйек ұстатып, берік ғылыми негіздегі тарихи сананы қалыптастыру.

Ата тарихтың тағы да бір маңызы қызметі ұлттық мемлекеттік идеологияны қалыптастыру, әлемдік қауымдастықтағы өз орны мен рөлін айқындау.

Міне, тарих ғылымының осы қызметтерінің өзегі тарихи танымды жаңғыртудан келіп туындайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелерін жан-жақты зерделеу және шешу мақсатында құрылған мемлекеттік комиссияның қызметі мемлекеттік сұраныстан туындап отыр деп айта аламыз. Қазіргі кезде өңірлік, қалалық деңгейде комиссиялар мен архивтерде зерттеу жүргізетін ғалымдар мен мамандардан құралған жұмысшы топтар қызу жұмысқа кірісті. Бұл рухани жаңғырудағы үкіметтік қолдаудың айқын көрінісі.

Сонымен, 1997 жылы осы күнді атап өтуге арналған қаулы жарық көргеннен бері не өзгерді? деген сауал туындайды. Еліміз неге осы қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын ақтау мәселесіне қайта оралып отыр?

Біз осы шерлі тарихтың ауыр да қасіретті естеліктерін бойына жиып, «үңсіз» жатқан архив қорларын ақтарғанда қалғып бара жатқан тарихи сананы селт еткізер сенсациялық жаңалықтар ашуды немесе өтіп кеткен тарихи оқиғалардан саяси астар іздеп, ұяй жинауды мақсат етіп отырған жоқпыз.

Осы жерде басын ашып айтатын ақиқат: мемлекеттік комиссиялар мен жұмысшы топтардың алдында тұрған міндет — халқымыздың басына қайғының қара бұлтын үйірген жаппай қуғын-сүргін құбылысына айқындық беру. Оның мәнісі — тоталитарлық қоғамның жаппай қуғын-сүргінінен құрбан болған отандастарымыздың санын анықтау, тізімін нақтылау және осы еліміздің рухани жаңғыруына жана серіні беру. Бұл — бүкілхалықтың қолдауымен, үкіметтік бағдарламалармен, ғалымдар мен БАҚ қурамының бірлесе жұмыс істеуімен іске асатын әрекет. Бір сәт елімізде орын алған жаппай саяси қуғын-сүргін мен ашаршылықтың статистикасына назар аударайық.

1897 жылғы Бүкілресейлік санақта қазақ ұлтының саны 6 миллион шамасында болған. Қоғам дамуын апатты арнаға (тантық-пролетарлық немесе революциялық) бұрып жіберген кеңестік биліктің орнауымен бірге қазақ даласына саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық ілесе келді. 1918, 1920-1921 жылдары елімізде аймақтық деңгейде ашаршылық орын алды. Ал 1932-1933 жылдары ол ашаршылық ұлттық сипат алды.

Саяси себептермен қуғындау 1918 жылдан басталды. Азамат соғысын ақ пен қызылдың, бай мен кедейдің соғысы деп келдік. Шын мәнісінде ол кезең ұлттық мүддені аяққа таптаған большевиктік озбырлыққа қарсы күрес болатын. Осы кезеңде сотсыз, сұраусыз атылғандар қаншама? «Әскери коммунизм» саясаты барысында қуғын көргендердің де сұрауы болмады. 1928 жылы Алаш қозғалысы қайраткерлерін қуғын-сүргінге салған «Үлкен террордың» алғашқы хабары еді. 1930-31 жылдарда орын алған 350 шаруалар көтерілісін ұйымдастырды деген желеумен 1933-34 жылдары «Бірыңғай орталыққа бағынған кеңеске қарсы ұлтшылдық ұйымдар» деген сот процесімен 500-ден астам адам істі болды. Оларға халықтың ауа көшуін, малдың қасақана қырылуын, шаруалардың бас көтерулерін ұйымдастырды деген айыптар тағылды. Ал 1937-38 жылдарды қуғындалғандарға осы

айыптаумен қатар «отанын сатқан» жапон, герман, түріктің тыңшысы, Қазақстанда Кеңес Одағынан бөліп алуды жақталды деген айыптар тағылып жатты.

Сонымен, жаппай саяси қуғын-сүргіндер мен ашаршылықтың құрбандары туралы мынадай деректер айтылады:

- Елде аштықтан көз жұмғандар саны — 1,7-2,2 млн.

- Қытай мен Моңғолияға ауып кеткендер — 1,2 млн.

- Ресей, Өзбекстанға ауа көшкендер — 800 мың шамасы.

Бұл цифрлар жобамең жасалған болжамдар. Ол нақтылануы керек. Бір мысал келтірейік: республика бойынша 125 мың адам қуғындалса, олардың 125 мыңы өлім жазасына кесілгендер. Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша атылғандардың саны 2500-ден астам екен. Осылардың тек 800-ге жуығының ғана есімі 1998 жылы жарық көрген «Азалы кітапқа» енді. Өзгелері жоғарыда аталған цифрдың ішінде қалып қойды. Демек, алдағы уақытта атқарылар шаруалар аз емес.

Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселесі хрущевтік «жылымыстан» бері қарай әлі де жалғасып келеді. Бірақ ол заңдар мен қаулылардың орындалуы жар-тыкеш сипат алды.

1. Көмекке науқанынан зардап шеккендер ақталды. Бірақ қуғындалғандар мен ақталғандардың нақты тізімі жоқ.

2. 1932 жылғы әйгілі «үш мүсә» заңымен істі болғандар ресми түрде ақталды. Олардың да нақты тізімі жоқ.

3. Жоғарғы Сот, Әскери трибунал, облыстық «үштіктердің» үкімімен сотталғандардың тізімі толық емес. Ал аудандық деңгейдегі «екіліктердің» (аупартом хатшысы, аудандық ОГПУ бастығы т.б.) үкімімен істі болғандардың тізімі нақты емес.

Сөзіміңіз қорытындысында Түркістан қаласына қатысты мәселелерге тоқталғанымыз дұрыс болар. Екі мың жылдық тарихы бар қасиетті қаламыз да оның тұрғындары да елге төнген нәубеттен сырт қалған жоқ. Ең бастысы, қалаға құраушы бас ғимарат салған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі өзінің атқарып келген діни-рухани миссиясынан шеттетілді. Шаруашылық қойма-сына, құдайсыздар музейіне айналды, бай қолжазба қоры есіммен санапастан өзге елдің меншігіне берілді. Алаш қозғалысы орталықтарының бірі болған қала, аудан төңірегінде қаншама оғандары саяси себептермен окка байланды. Ашаршылық жылдары Арқадан ауған қалың жұрт ілініп, салынып Түркістанға құттық. Кейбірі осы қаладан мәденилік мекенін тапты. Кесене төңірегінде жүргізілген археологиялық ізденістер барысында табылып жатқан адам сүйектерінің көптеп шығуының да бір себебі осы болатын. Көпшілігі қалада тұрақтап қалды. Шамасы жеткені осы қаладан әл жинап алып, өзге өңірлерге жол тартты.

1930 жылдың ақпанында орын алған әйгілі Созақ көтерілісіне түркістандықтар да қатысты, тілеулес болды. Тіпті, көтерілісті басуға Ташкент, Қызылордадан келген әскери мектептердің әскерлері де осы қаладан аттанып жатты. Қолға түскен сөзастық көтерілісшілер Түркістандағы патша заманында салынған тас түрмеге тоғытылды.

Ашсақ кенішіндегі басқотеру-лердің айыпкерлері де осы түрмеге қамалған еді. Осы тас түрменің ғимараты күні кешеге дейін сақталып келген еді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының ескерткіші болғанымен музейлендіруге ыңғай келмеді.

Негізінен, қаламыздың облыс орталығы мәртебесін алуына байланысты мемлекеттік комиссия жүргізген жұмыстарының қорытындысы бойынша қаладан саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарына арналған музей бой көтерсе онды іс болар еді.

Орыстың ұлы ақындарының бірі Апполон Майковтың «Тыңшыңдар, ғаріп пенделер!» деген өлеңі еске түседі. Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарына осылай айтылған шарамыз жоқ. Оларды ұлытағанымыз, есімдерін ұмытпағанымыз, не үшін құрбан болғандығын түсіне алғанымыз!

Хазретәлі ТҮРСҮН, Тарих ғылымдарының докторы, профессор

# Өнер сарайы халықтың руханият бесігі болмақ



Аталған руханият ошағының іргесі былтыр қаланды. Екі гектар аумаққа салынып жатқан ғимараттың жалпы ауданы 12,4 мың шаршы метрді құрайды. Ал көпфункционалды кешеннің сыйымдылығы 1000 орындық. Онда мәдениет саласының симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар мен түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өткізіледі деп жоспарлануда.

Бүгінде аталған екі қабатты ғимараттың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Нысанның жоба-сметалық құжаты демеушілер есебінен әзірленген. Ал жоба құны 3 млрд 370 млн теңгені құрайды. Өткен жылы басталған құрылысты жүргізуге 289 миллион теңге қаржы жұмсалыпты. Быыл 3 млрд 80 миллион теңге игерілуі қажет. Руханият ошағын жоспар бойынша жыл аяғына дейін ел игілігіне беру көзделіп отыр.

Аймақта 60 жылдан астам тарихы бар «СМП-Қызылорда» ЖШС құрылыс компаниясы Өнер сарайының құрылысын жүргізуші мердігер мекеме. Сонау Кеңес заманынан бері құрылыс саласында еңбек етіп, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған бұл ұжым тек облыста емес, республика көлемінде әлеуметтік нысандардың іргесін қалап келеді. Екі өнеркәсіптік базасы жасакталған компанияға артылған жауапкершілік жүгі де ауыр. Сондықтан халық игілігіне қажетті ғимаратты талапқа сай сапалы әрі уақытылы орындауды мамандар жақсы сезінеді.

Басы 1-бетте

## АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Әскер – елдің басына күн ту қалған жағдайда жүгінен ен маңызды күші. Бүгінгі таңда бейбітшілік туы желбіреген мемлекеттердің де әскери күші жағынан бес қаруы сай, торт құбыласы түгел. Өйткенімен әскер соғысты күтпейді, тыныштықты күзетіп, елдің есендігін тілейді. Қазақ «Ұланы бар елдің ұраны бір» деп жатады. Ұлан демекші, ер жеткен әр азаматтың борышы – әскери борышын өтеу.

## ӘСКЕРДЕН ЖАЛТАРЫП ЖҮР ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ КӨП БАЛАСЫ

Бірақ қазір бұл жауапкершілікті борыш санамайтын жігіттердің қарасы көп. Қызылорданың өзінде 189 азамат әскерден жалтарып жүр. Қала әкімдігінде өткен жиында қорғаныс істері жөніндегі басқарма басшысы Бауыржан Асанов осындай мәлімет келтірді.

Елге пана болады деген азаматтарымыз туған Отанға қалай қызмет ету керек екенін білмегені ме? Быыл көктемгі шақырулардан бой тасалап қашып жүр. Неге? Сылтаулары сан түрлі. Бірі – ауру, енді бірі – үйдің жалғыз, тағы бірі оқу оқып жатыр. Біздің қазақ дүниеге үл келсе «азамат», «ел қорғайтын батыр» болады деп мақтанп, ер баланың рухын көтеріп отырған. Кешегі ел қорғаған батырлар, жердің бір сүйемін де жауға бермеген. Жерден айырылу елден айырылу деп пайымдаған халқымыз ер баланы қырандай қырағылыққа, өжеттікке, өрлікке тәрбиелеген. Бұл – өте дұрыс шешім. Менің ойымша, ер баланың бойына жақсы қасиеттер қобиде әке тәрбиесінен сіңеді. Асқар атты көршіме осы сұрақты қойғанмын. Себебі оның ұлдары әскерге барып, міндетін абыроймен атқарып келген еді.

«Үлкен ұлым Жәдігер әскери қызметкер болуды армандады. Арманына қол жеткізу үшін Алматыға оқуға тапсырған. Бірақ бірнеше күн қатарынан тапсырған ауыр дене шынықтыру сынағына шыдамай, жолдастарын тыңдап, емтиханнан бас тартты. Қателік жасап тұрғанын түсіндіру үшін ұлыма психологиялық шабуыл жасауыма тура келді. Оған «мынадай кішкене қиындыққа шыдай алмасаң, ертеңгі күні өзіңді,

отаныңды, бізді қалай қорғайсың?» деп қайрадым. Ертеңгі қатесін түсініп, емтиханды тапсырып, оқуға түсіп кетті. Жалпы ұл бала тәрбиесіне анасы араласқан жоқ. Өйткені ананың жүрегі – жұмсақ, аяушылық танытады. Әкенің міндеті – алдағы қиыншылықтарға төтеп бере алатын батыр да батыл ұрпақ тәрбиелеу. Ал мен әке ретінде өз міндетімді дұрыс атқардым деп ойлаймын, – дейді ол.

Атам қазақ басынан өткен оқиғалардан сабақ алып адамның әр жаста қандай қасиетті игеру керек екенін даналықпен белгілеп, ат қойып, айдар таққан. Мысалы, жиырмадан отызға дейінгі жасты «жылқышы жасы» деп атап, бұл жастағы азаматтарға ел, жер танып, жылқының жиырма қасиетін біліп, жеті қаранға аласпай жол табатын, қауіп-қатерге жолыққанда ерлік көрсете алатын қасиеттерді бойына сіңіруді, батыл да батыр болу талабын қояды. Міне, ата-бабамыздың көргендігінде шек жоқ. Даласы қандай кең болса, ойы соған сәйкес парасатты, әріден болжайтын жауынгер халық болған. Түйенің қомында, аттың жалында көшпенділікпен тұрмыс кешсе де ер баланы тәрбиелеуге аса жауапкершілікпен қараған. Айынынан жаудың өзі аласарған батыр Бауыржан Момышұлының бір өзі бүкіл қазақ елінің рухын көтеріп тұр емес пе?! Момышұлының мұрда осындай нысанға дәл тигізер сөздері бүгінде халық арасында кен тарап, қанатты сөзге айналып кетті.

«Ерлік – тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады. Өршіл рухтан – өлмес ерлік туады. Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті» деп Бауыржан

атамыз әр сөзінде ер-азаматты табанды болуға шақырады. – Иә, соңғы кезде әскери өмірге болып жатқан оқиғаларды естіп жүрміз. Дегенмен Отан деген бар қорқыныштан, үрейден жоғары тұруы керек. Отанды қорғау деген ол – аңызды, еліңді, жеріңді, хал-

бар адам сөзсіз қан майданнан да ораған.

Қалай десек те сарбаз боп сапқа тұру әр азаматтың ар-ожданына, намыс пен жігеріне байланысты. Осындайда бойына бес қаруын асынып, жауға шапқан әр рухты қазақтың батырлары еске түседі. Оның үстіне бейбіт елде, бейбіт әскерде болатынын да ұмытпауымыз керек.

Қыран қанат тұғырлы бол, қарағым!  
Отаныңды қорға сарбаз, қырағы,



қыңды қорғау деген үлкен ұғым. Батыр бабаларымыз елді жау шауып жатқанда «оқ, мен өліп қалам, шайқасқа бармаймын, елді қорғаймын» деп бұғып, тығылып жата берсе, сонда біздің елімізді, жерімізді жау баяғыда басып алып, ел тағдыры таразыға түспей ме? Сонда егемендігімізді қалай аламыз, салт-дәстүрімізді, ежелден жеткен елдігімізді қалай қорғаймыз? Сол бабалардан жеткен аманатты келер ұрпаққа табыстау біздің қазіргі ұрпақтың парызы емес пе? – дейді көршім Асқар.

Оның үстіне қазіргі әскери міндет бұрынғыдай 3 жыл, 2 жыл емес, 1-ақ жыл. Онда да шетелде емес қазақ жерінде. Сол 1 жылда ата-анасы әскери бөлімге бір емес кейде бірнеше мәрте барып жатады. Сынның сылтау іздеп, денсаулығы жарамды бола тұра әскери борыштан жалтарту – өте ұят нәрсе. Ата-ана да баланы қырағылыққа, қайсарлыққа баулу керек. Ата-бабаларымыз «Қырық жыл қырығым болса да, ажалды өлер» деген емес пе? Жарығы

Сапқа тұрдың тәуелсіздік қыраны.  
Еркіндіктің азат туын тік көтер,  
Қазағыңның шырқалсын  
Әнұраны.

Жалғыз Отан, терен түсіп бағасын,  
Күзет сарбаз жер мен көктің арасын.  
Қадірлеген Отаны мен ел-жұртын,  
Ардақтайды атасы мен анасын.

Тәуелсіздік орнап елдің бағына,  
Көк байраққа бас иеміз табына.  
Отан қорғау – азаматқа үлкен сын,  
Отан деген – баға жетпес қазына.

Қыран қанат тұғырлы бол, қарағым,  
Есте сақта Отан деген дара ұғым.  
Ұлт мақтаны мықты сарбаз атанып,  
Құрметте елдің заны менен талабын!

Гаухар ҚОЖАХМЕТОВА

## СПОРТ

### Дзюдодан республикалық турнир өтті

Сырдария ауданына қарасты Н.Лиясов ауылдық округінде дзюдодан республикалық турнир өтті. Аталған жарысқа еліміздің 11 облысынан 27 команда қатысты.

Республикалық турнирді «Абзал және К» ЖШС ұйымдастырды.

Турнирге қатысушыларға барлық жағдай жасалды. Нақтырақ айтқанда, транспорт және жатын орны, 3 мезгіл тамағы қарастырылды. Айта кететін жайт, жарысқа жалпы 4 миллионға жуық қаражат жұмсалды. Жыл сайын өз деңгейінде өтіп жатқан бұл жарыс – ауыл халқы үшін маңызды шараның бірі. Осындай мүмкіндікке қолдау көрсетіп отырған «Абзал және К» мекемесінің ролі зор. Сайысқа, басқа өңірлерден келген қатысушылар денсаулыққа пайдалы, сапалы Айгүл Қосмұратова.

Ұйымдастырушылардың емес, сондай-ақ өз өңірімізде



де өндірілетіндігі жөнінде біраз ақпаратпен таныс болды. Сондықтан бұл жарыс спорт саласына бауылып қана қоймай, ауыл шаруашылығын және туризмді дамытуға үлкен үлес қосары анық, – дейді «Абзал және К» ЖШС директорының орынбасары Айгүл Қосмұратова.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталған турнирді

алдағы уақытта халықаралық деңгейде ұйымдастыру көзделіп отыр екен. Н.Лиясов ауылының спорт кешенінің менгерушісі Бағлан Мығымбаевтың айтуынша, турнирге халықаралық, ұлттық төрешілер арнайы шақыртылған. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар және ҚР спорт шеберіне үміткер атағы берілді.

### Спортшылар жүлделі оралды

Астана қаласында пара пауэрлифтингтен Қазақстан Республикасының жазғы VI Паралимпиада ойындары өтті.

Жарысқа Қызылорда қаласының Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубының спортшылары қатысты. Жарыста аймақ спортшылары керемет нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарды жеңіп алды.

Соның ішінде Кабира Асқарова 69 келі салмақ арасында I орынды жеңіп алып, рекорд жаңартса, Мәлдір Маханбетова 79 келіде II орынды иемденіп, халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағына қол жеткізді.

Спортшыларды жарысқа дайындаған облыстың аға жаттықтырушысы Бахытбек Рысбаев және Кабира Асқарова.

Айта кетейік, жарыс қорытындысы бойынша жалпы командалық есеппен Қызылорда облысы II орынға ие болды.

Досжан ТАЛҒАТОВ



Меншік несі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2959 Тапсырыс №844

Нөмірдің кезекші редакторы Гаухар ҚОЖАХМЕТОВА